

Ацетилсалицил қышқылы және оның маңызы неде?

Қазіргі кардиология саласы үшін бұл заттың маңызы орасан зор

Ацетилсалицил қышқылы қосылған препараттарды **аспирин** препараттары деп те атайды. Бұл зат – **инфаркт**, **инсульт** және **тромбоз** салдарынан өмірге қауіп төндіретін басқа да ауыр жағдайлардың алдын алатын негіздердің бірі



Аспириннің қасиеттері



Аспириннің қасиеттері көп, бірақ оның басты қасиеті – агрегацияны төмендетеді, яғни тромбоциттердің "бір-біріне жабысып қалуына" жол бермейді, тромбоздың алдын алу мен емдеуде үлкен маңызға ие

Дәрігер ұсынымдары



АСҚ тағайындау туралы шешімді барлық тәуекелдерді, әсіресе жүрек-тамыр ауруларының 10 жылдық қаупін алдын ала сараптай отырып, пациент дәрігермен бірлесіп қабылдауы тиіс

Препарат дозалары



Ацетилсалицил қышқылы препараттарының үлкен дозалары қан кетуге әкеп соқтыруы мүмкін. Сондықтан емдеу мен аурулардың алдын-алуда көбінесе аспириннің төмен дозалары қолданылады. Арнайы кардиологиялық доза әдетте күніне бір рет қабылданатын 75-100 мг шамасын құрайды